

АЛҒЫ СӨЗ

Кеңес Одағының XX ғасыр ортасындағы тарихы отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдар тарапынан қанша зерттелді десекте, әлі күнге дейін оң бағасын ала қоймаған ақтаңдақтары жеткілікті. Бұл – әсіресе кеңестік мемлекеттің сол кезеңде әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық феномені болған, тұтас мемлекеттің тарихына үлкен әсер еткен лагерь-түрме жүйесінің құрылуымен тығыз байланысты және тарихнамада қайшылықтарға толы кезең.

Алайда ол кезең мен қазіргі заман аралығында қаншама жылдар жатқанымен, Лагерьлер бас басқармасына (ГУЛАГ) қатысы бар мұрағаттық құжаттар әлі күнге дейін ашылған жоқ. Сөз болып отырған тақырып аясында ауқымды зерттеулер жүргізуге қолбайлау болып келе жатқан негізгі кедергі де – осы. Дегенмен ақиқатты табуды басты міндеті санайтын ғалымдардың ізденісіне мұның да түбегейлі бөгет бола алмайтынын уақыт өзі көрсетіп отыр. Қарағанды «Болашақ» университетінің Ғылыми-зерттеу және тарихи-ағарту орталығындағы авторлар ұжымы Қазақстан Республикасы территориясындағы¹, сонымен бірге бұрынғы Кеңес Одағындағы басқа да ерекше лагерьлердің құрылу және даму тарихына арналған кітаптар жазуға итермелеген де осындай міндет екені күмән тудырмаса керек.

Қолыңыздағы бұл жұмыста кезінде Ресей, Коми АКСР территориясында болған ерекше лагерьлер туралы, атап айтқанда, №1 Миинеральный лагері, №2 Горный лагері, №3 Дубравный лагері және №5 Береговой лагері, туралы баяндалады.

Лагерьлер бас басқармасының 1948 жылдың 21 ақпанында КСРО Министрлер Кеңесінің №416-159 сс Қаулысы негізінде құрылған ерекше лагерьлер жүйесі сол замандағы алып мемлекеттің пенитенциарлық, сонымен қатар еңбекпен түзеу жүйесінің ажырамас бөлшегіне айналды. Отанға сатқындық, шпиондық әрекет, лаңкестік және басқа да саяси қылмыстары үшін әйгілі 58-баппен сотталғандарды, яғни кезінде «ерекше контингент» деп аталған мемлекеттік аса қауіпті қылмыскерлерді шоғырландыруға арналған ерекше лагерьлер жүйесі, шындығында, соғыс тауқыметін бастан өткеріп, онан әрі саяси қуғын-сүргін иіріміне тап болған еркін ойлы азаматтарды езгіге салудың тамаша құралы ретінде қызмет ете бастады.

Зерттеушілердің пікірінше, ерекше лагерьлерді құру процесі заңға сәйкес жүргізілді. Мұны саяси тұтқындар санының көбейіп кетуіне байланысты бірқатар себептермен түсіндіруге болады. Мысалы: біріншіден, КСРО құрамындағы территорияларда 1939-1940 жылдарда ұлт-азаттық қозғалыстардың белең алуы салдарынан антикеңестік бағыт ұстанатындар қарасы молайды;



¹ Дулатбеков Н.О., Алланиязов Т.К., Жумадилова Н.Т., Баймурынов Ж.М., Жунусова Б.А., Фалежинская И.Ю. Особлаги в Казахстане: Степной. Песчаный. Луговой. Дальний. - Алматы, 2014. – 1005 с.

екіншіден, өлім жазасы алынып тасталды (КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының 1947 жылдың 26 мамырындағы Жарлығы негізінде өлім жазасы 25 жылға бас бостандығынан айырып, еңбекпен түзеу лагеріне жіберумен алмастырылды. Кейін 1950 жылдың 12 қаңтарында шыққан Жарлық негізінде өлім жазасы Отан сатқыны, шпион, бүлікші-диверсанттарға қайта қолданыла бастады); үшіншіден, «Суық соғыстың» басталуы КСРО мен АҚШ арасындағы қатынасты шиеленістірумен ғана қоймай, шпиондық әрекеті үшін сотталған тұтқындар санының артуына бірден-бір себеп болды.

Сондықтан ерекше лагерьлер жүйесін құру мәселесі соғыстан кейінгі жылдарда КСРО-да орын алған аса күрделі жағдайдың шешімі болды және мемлекеттік аса қауіпті қылмыскерлерді оқшаулау арқылы олардың идеясының қалың бұқараға таралуының жолын кесетін біртұтас құрылымға айналды.

Ерекше лагерьлер жүйесі құрылғаннан тоқтатылғанға дейінгі уақыт аралығында КСРО территориясында барлығы 12 ерекше лагерь жұмыс істеді және олардағы тұтқын саны 250 000-нан асып кетті.

Осы орайда тұтқындар контингентінің құрамын да айта кету керек. Ерекше лагерьлерде саяси баптар негізінде бірінші рет сотталған адамдармен қатар кезінде жұмыс істеп, онан кейін тоқтап қалған партия мен ұйымдарға мүше болған адамдар, жау қолына тұтқынға түсіп қалғаны үшін ғана кінәлі деп танылған репатрианттар, кеңестік билікке қарата сын айтқан еркін ойлы азаматтар мен шетелдіктер болды. Осыдан барып ерекше лагерьлердегі тұтқын саны алғашқыда жобаланған межеден әлдеқайда асып кетті.

Контингентті лагерьде ұстау және еңбекке пайдалану жағдайы да арнайы лагбөлімшелердегі каторгалық жұмысқа кесілген тұтқындар жағдайына ұқсастырыла құрастырылған негізгі талаптарға үнемі сәйкес келе бермеді. Оған себеп Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік қауіпсіздік министрліктерінің жұмыс істеу әдістері арасындағы шексіз кереғарлық пен қайшылық еді. Екіншіден, ерекше лагерьлердің орналасқан орындары да айтарлықтай маңызды рөл атқарды. Үшіншіден, алдын ала ұйғарылған нормаларды орындауға табиғи-климаттық жағдайлар да барынша қиындық келтірумен болды.

Алайда биліктің саяси тұтқындарды толығымен оқшаулауға және тек ауыр жұмыстарға пайдалануға қол жеткізе алмағандығына қарамастан, ерекше лагерьлер жүйесінің қатал езгісінен тағдыр айдап тап болған жанның ешқайсысы құтыла алған жоқ.

Ресей ғалымдарының Лагерьлер бас басқармасы құрамындағы ерекше лагерьлер тарихына арналған зерттеу еңбектеріне қарамастан, Лагерьлер бас басқармасы құрамындағы ерекше лагерьлер тарихын зерттеу процесі әлі аяқталған жоқ. Жекелеген Ерекше лагерьлердің тарихы әлі толықтай зерттеліп біткен жоқ. Мемлекетке аса қауіпті деп саналған қылмыскерлерді орналастыруға арналған арнайы ерекше лагерьлерді құрудың алғышарттары мен лагерь жұмысының ерекшеліктері, контингенттің сипаты, оларды лагерьде ұстау жағдайы әлі де түрлі аспектілерде зерттеуді қажет етеді. Ерекше лагерьлердің тарихын кешенді зерттеу Лагерьлер бас басқармасының объективті тарихын жазуға тағы да бір қадам жасауға мүмкіншілік береді.

Ерекше лагерьлердің құрылуы мен жұмыс істеу тарихы туралы бірегей материалдарды сан қырынан қарастырып, айналысқа енгізу сондықтан қажет.

Осы орайда туатын «осы тақырыпқа келгенде, эмоция жетегінде кетпей, сол кездегі жүйеге ішкі қарсылықпен ғана қарамай, объективті әрі салқынқанды болу мүмкін бе өзі?» деген заңды сұрақ жөнінде ойланған жөн. Өйткені бұл еңбекке енгізілген ақпарат кімді де болмасын осы сияқты толғанысқа түсірсе керек-ті. Алайда нақ осы бір тұста әбден ойланып алған жөн. Сыңаржақ

жасалған пайым тарихи шындықты қате қабылдатып қана қоймай, ең әуелі және көбінесе сол құбылысты әділ бағалауда да жаңсақтыққа соқтырады, яғни басты себеп болады.

Сыңаржақ жасалған пайым тарихи шындықты қате қабылдатып қана қоймай, ең әуелі әрі көбінесе сол құбылыстың өзін және тұтас ел мен жеке адам өміріндегі сол құбылыстан туындайтын оқиғалар мен өзгерістерді әділ бағалауда да жаңсақтыққа ұрындыратын басты себеп екендігін ұмытпауға тиіспіз. Олай болмаған жағдайда мұның барлығы, айналып келгенде, тарих пен ғылымға және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын жадыға кері әсер етіп, оған иланғысы келетін, ата-бабалары тарапынан жіберілген нәубетті де орны толмас қателіктердің қайталануын қаламайтын жастардың сенімді тірегіне айналып шыға келеді.

Кенестік дәуірдегі ең бір кереғар құбылыстардың бірі болған Лагерьлер бас басқармасының ерекше лагерьлер жүйесі туралы біртұтас ұғым қалыптастыруына осы кітап негіз болатын оқырмандарымыз объективті пайымдайды, анық әрі зерек ойлайды деп үміттенемін.

Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлы,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
заң ғылымдарының докторы, профессор